

Ауыл: Кеше. Бүгін. Ертен

Есіл ауылының 85-жылдық мерейтойына орай

«Отансүйгіштік сана-сезімді тәрбиелеуде Қазақстан тарихының алатын орны ерекше. Тарих ғылымының тыңғылықты зерттелуі қоғамымыздың дамуына сүбелі үлес қосары сөзсіз. Сондықтан да, мемлекет тарапынан өткеніміз бен бүгінгімізді мұқият саралау үшін салмақты қадамдар жасалуда. Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек»

(Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев)

Мәшһүр Жүсіптің жазбаларынан кейін

Әні мен дәні қатар өрлеген, құт - береке дамып, әлеуметтік жағдайы мен ауыл мәдениеті де жақсы дамыған ауданымыздағы іргелі ауылдардың бірі Есіл ауылының құрылғанына биыл - 85 жыл толады. Ауыл тарихынан сыр шертпек ниетте, мұрағаттық құжаттарды бір шолып шықтық. Есіл ауылының құрылу тарихына тоқталмас бұрын, өткенді әріден қозғап, терең үңіліуді жөн көрдік.

Осакаров ауданының аумағы негізінен, Сарыарқаның орта бөлігінде орналасқан. Сарыарқада жары терең, суы аз өзендер сол замандағы ноғайлардың егін салу үшін қазған арығы екен. Шідерті деген өзеннің аяғында «Ақжар», «Сасай» деген жерлер ноғайлардың, кент салып, тақ құрған Бұхар, Қоқан хандарының арығы сынды орда жасатқан жері екен. Өлеңтінің аяғында «Қараоба», «Сарыоба»-деген екі төбе Қарабай, Сарыбай деген екі байдың қоныс қылған мекені екен, топырақтан үйдіріп жасатқан. Есіл, Нұраның арасында «Тоғанасытың тоқсан екі көлі»-атанған көлдер ноғайлардың егін жайлары екен-деген тарихи деректі Мәшһүр Жүсіптің жазбаларынан кездестіруге болады.

Есіл өзенінің бойындағы егістік жерлерді игеру жөнінде Әлихан Бөкейханов «Лучшая почва...какая для земледельческой культуры могла бы предьявить киргизская степь, расположены по возвышенным берегам Нуры и Ишима». Этим объясняется почему пионеры переселенческого движения, как и местные старожилы – киргизы, облюбовали эти реки. По всему течению р. Нуры, и верхнему течению р. Ишима мы встречаем следы арычных пашень, принадлежащих киргизам, принесшим эту тип земледелия из Туркестана, особенно после успокоения Киргизской степи отъ возстания султана Кенесары, с которым многие киргизские роды Степного края обывали в первой половине XIX века в Туркестане и вернулись на родину. На верхнем течении р. Нуры есть следы и древнейшей арычной пашни, кото-

рая поливалась из реки, когда она еще не спустилась на настоящее русло, лежащее не несколько сажень ниже уровня степи, куда выходила в то старое время вода из реки. Нет сомнения в том, что рр. Нура и Ишим не впервые наблюдаются здесь ни оседлой культуры, ни упрочившимся свое развитие, а превратившимся в киргизское, якобы земледелие» - деп алдыңғы Мәшһүр Жүсіптің деректерін қуаттай түседі.

Одан әрі тағы бір деректерде 1701 жылы жарияланған Ремезов картасында Есіл өзенінің шығысына қарай, он құдық белгіленген «пашни» деген жазумен белгіленген егістік алқабын торкөз деп сызған жобасын көруге болады.

Бала Құндызды сияқты үлкен өзендері болғандықтан, ежелден Арғын руларының жаз жайлауы болды. Осы өңірде негізінен Арғынның ішіндегі Қуандықтан: Алтай-Қарпық, Сүйіндіктен: Қаржас, Айдабол; Қаракесек және Жеті момынның бірі: Қанжығалылардың жаз жайлап, қыс қыстап кететін мекені болған. Осы рулардың ХУІІІ ғ. басында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» кейін Сарыарқаны қалай қоныстанғаны жайлы дерек Ф. А. Щербина экспедициясының материалдарында баяндалады.

Есіл өзенінің сағасын қазақ рулары ғасырлар бойы жайлап, қыс қыстауы, жаз жайлауы болып, жер игеріп, мал өсірген құтты мекені болған.

Өткен ғасырдың 30-жылдары іргетасы қаланған № 5, Литвинский деген атаумен әйгілі, алғашқы қоныс аударушылардың тұрағы болған тарихы қоныстардың бірі. Ресейдің түкпір-түкпірінен Осакаровкаға келген арнайы қоныс аударушылардың тағдырларын тоғыстырған Есілдің арнасы еді. Өзен бойын жағалай жайлаған әртүрлі номерлерге еркінен тыс жер аударылғандарды орналастырды. Арқаның аязды ызғары арнайы қоныс аударушыларды арқасынан қақпады. Иен даланы игеруде қонысаударушылардың ерен еңбегі мен маңдай терінің зор екені ақиқат.

1931 жылдың қысында - ақ бұл жерде 8 көше, 840 үй, 2 монша, наубайхана жұмыс істеп тұрды. Бір үйде 8-9 отбасы, 35-45 адамдай тұрды. Суық пен аштықтан адамдар арасында тараған жұқпалы аурудан халықтың тең жартысы қырылып қалған еді. Мыңдаған адамдар осы ауылдың негізін қалауға ат салысты.

Ауылдың құрылу тарихы таңдай қақтырары рас. Олай деуге себеп, қол күшімен тың көтеріп ондаған гектар жерге дөңді- дақыл өсіріп, машина трактор станциясын құрып, жылыжай салып, омарта шаруашылығын дөңгелетіп әкетті. 1937 жылы Литвинский МТС облыс пен республикаға танымал болды. МТС жұмысшылары жер өңдеу мен дөңді дақыл егуде жетістіктерге жетіп, 5 адам «Ленин Орденімен», 34 жұмысшы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, 19 адам «Құрмет белгісі» Ордендерін иеленді.

Есіл ауылын ерен еңбектері мен спорттық жетістіктерімен танымал қылған тұлғаларға тоқталсақ, 1964 жылы ХУІІІ Токиода өткен олимпиада ойындарының классикалық күрестен алтын жүлде иегері, еңбек сіңірген спорт шебері, КСРО классикалық күрестің құрама командасының басшысы Колесов Анатолий Ивановичті ерекше айта кеткен жөн. Осы тізбекті

Нина Викторовна, Аутурхановы Зуға мен Заяналардың ерен еңбек ерлері.

Ауыл атын еске алғанда, міндетті түрде Литвин балалар үйі ауызға оралады. 1931-1932 ж.жық айларында көптеген балалар ата-аналарынан айырылып қалды. Олар үшін жеркөпе салынды және балалар үйі ұйымдастырылды. Алғашқы директоры Алексей Александрович Астахов болатын. Ол 1932 жылдан бастап 1937 жылға дейін жұмыс істеді. Мектеп болған жоқ. Мұғалім бараққа келіп балаларды сауаттылыққа үйретті. Великий Иван Арефьевич (1941 жылы Украинадан көшірілген балалармен келді және 1945 жылға дейін жұмыс істеді), Чухров Алексей Алексеевич, Непряхин Николай Данилович барынша балалар үйінің өмірін және балаларды бақытты әрі тоқ қылуға тырысты. Н.Д. Непряхин Алматыда 247 га жерді және көмекші шаруашылыққа арналған құрал-жабдықты беруіне қол жеткізді. Осы жылдар аралығында көптеген білікті басшылар мен білгір директорлар жұмыс атқарды. Солардың тізімін ұсынамыз!

Пухальский П.А – 1941 жылдың қаңтары мен 1941 жылдың ақпаны;

Гайдуков И.В – 1941 жылдың қыркүйегінде;



әрі қарай жалғастырсақ жер игеру мен егін салуда жеткен жетістіктері үшін Козерод Андрей Ильич 1956 жылы «Ленин Орденімен», бас агроном И.Р. Колесов, бас инженер Безглов, трактор бригадасының бригадирі Д. Милов «Ленин Орденімен» марапатталды. Үздіктердің үздігі атанып, еңбектерінің жемісін көрген сүт алу-дан рекордтық көрсеткіштер көрсеткендердің алдыңғы қатарына Франц Агата Яковлена, Саяпина Мария Тимофеевна, Грицман Антоноина Кузьминична, Филотова Нина Прокафьевна, Махаева

Великий И.С – 1942 жылдың қазаны мен 1947 жылдың мамыры; Чухров А.А – 1947 жылдың маусымы мен 1953 желтоқсаны .

Непряхин Н.Д – 1954 жылдың қаңтары мен 1967 жылдың тамызы; Любовцев В.М. – 1967 жылдың қыркүйегі мен 1967 жылдың қазаны; Черкесов Б.Ф – 1967 жылдың қарашасы мен 1987 жылдың тамызы;

Ермолаев Е. М. – 1987 жылдың қыркүйегінен 2015 жылдың маусымы, Ақмағамбетов Б. Ж. – 2015 жылдың маусымынан ата – ана

қамқорлығынсыз қалған балалардың, бақытты балалық шағы үшін аянбай еңбек етіп келеді.

1963 жылы жаңадан 300 орынға арналған үш қабатты ғимарат салынып, Балалар үйі 1964 жылы жаңа ғимаратқа көшті.

Ауылдың Литвин аталуына тоқталар болсақ, 1931 жылдың қазан айының соңында № 5 деген атпен әйгілі ауылға Дмитрий Игнатевич Литвин келген. Д.И. Литвин деген кім еді? Міне осы сұрақтарға жауап іздеп көрдік. Литвин туралы мәліметер жоқтың қасы. Тек 1981 жылдың 19 қарашасында Ақмола облыстық «Новая степь» газетінде жарық көрген мақаладан Литвиннің өмірі мен біз көп біле бермейтін қыр – сырларын танауға болады. Д. И. Литвин 1892 жылы Полтав губерниясы, шаруа шаңырағында дүниеге келген. 1930 жылы Орталық Азияның ОГПУ органдарына жұмысқа жіберіледі. 1931 жылы Қазақстанда Ақмола облысының ОГПУ басқармасының бастығы қызметін атқарады. 1931 жылдың 10 қазанында Литвин Алматыға ұшады. Өуе сапары сәтсіз аяқталып ұшақ апатқа ұшырап, Литвин көз жұмады. Литвин есімімен Литвин балалар үйі, ауыл аты, Литвин МТС пен көше аттары аталады.

Қазіргі ауылдың хал-ахуалы мен халықтың тұрмыс тіршілігі жақсы. Селотық округте 17 ұлт, 2184 адам тұрып жатыр, үш мектепте 450 бала оқумен қамтылған, 38 жеке шаруа қожалықтары жұмыс істеп, ауыл халқын жұмыспен қамтамасыз етіп қана қоймай, тұрғындарға табиғи таза өнімдерін ұсынып отыр. Халыққа медициналық қызмет көрсететін жаңа дәрігерлік амбулатория салынып жатыр. Ауыл халқы мәдени шараларға да белсене ат салысып, «Жасыл Ел» бағдарламасы бойынша ауылды гүлдендіріп, абаттандырып 720 көшет отырғызылып игілікті іс-шаралар атқарылды. Мал шаруашылығы да дамып, 2082 бас ірі қара, 1099 ешкі-қой, 90 бас жылқы, 3116 құс басы көбеюде.

Тарих...Өлке..Атамекен. Асқақ естілер асыл ұғымдар. Өлке тарихын еспеттеу, білу, көлер ұрпақтың қасиетті парызының бірі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі: Жакин М. С. «Осакаров ауданының топонимикасы» Қарағанды, 2015 ж.

Мұражай қорының құжаттары «Осакаров ауданы: кешегісі, бүгінгісі, келешегі» Астана, 2010 ж.

Айгерім АСЫЛХАН,
«Тарихи – өлкетану мұражайының әдіскері»